

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДІҢ, КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ
БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА «МЕНІҢ
ӨЛКЕМНІҢ ТАРИХЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЫРТТАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қ.

**2014 жылғы 12 желтоқсан-
2015 жылғы 26 қаңтар**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы туған өлкенің тарихын зерделеу арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденушілік-зерттеушілік шығармашылығын дамыту мақсатында жалпы орта мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Менің өлкемнің тарихы» тақырыбында сырттай Республикалық байқауды балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында 2014 жылғы 12 желтоқсан мен 2015 жылғы 26 қаңтар аралығында өткізуде.

Байқау міндеттері:

білім алушылардың өлкетану саласында оқу-зерттеушілік қызметін арттыру және дамыту;

өлкетану және зерттеушілік қызметінің саласындағы дарынды балаларды анықтау және қолдау көрсету;

білім алушыларды отансүйгіштікке, туған өлкенің табиғи және мәдени мұрасына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Байқауға жалпы орта мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

Жалпы орта мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында сырттай өтетін «Менің өлкемнің тарихы» тақырыбында Республикалық байқауды өткізу туралы қосымша ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 8 (7172) 24-93-07, 8778-33470-28, Курманалиева Г.С., электрондық пошта: nt_ekotur@mail.ru.